



## "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 20 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 2147 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 25.01.2018 № 3 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Облыс әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р. Рахманбердиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 27 ақпандағы  
№ 20 қаулысымен бекітілген

## "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімдік қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 080008, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 125.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы ереже "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

12. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

облыс әкімдігінің және әкімнің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

14. Міндеттері:

облыс әкімдігі жұмыс Регламентінің сақталуын қамтамасыз ету;

облыс аумағында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және жергілікті атқарушы органдармен тұрақты өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

1) орталық аппараттың функциялары:

- облыс әкімі аппаратының тоқсан сайын жұмыс жоспарын дайындау;

- облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысу;

- облыс әкімдігінің отырысына құжаттарды дайындау;

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің, Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі мен Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларының, әкімдік қаулылары мен хаттамалық тапсырмаларының, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалу барысы туралы облыс әкімін жүйелі түрде хабардар етіп отыру, олардың орындалуына бақылауды қамтамасыз ету;

- облыс әкімі мен оның орынбасарлары өткізетін әкімдік мәжілістерін, басқа да іс-шараларды ақпараттық-талдау, құқықтық, ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

- облыс әкімі және оның орынбасарлары, облыс әкімдігі үшін облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайын сипаттайтын материалдар дайындау;

- облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын қамтамасыз ету;

- облыс әкімінің қызметін құқықтық қамтамасыз етуге және басқа мәселелерді шешуге қатысу;
- әкімдік және әкім қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің есебін, жүйеленуін және бақылау даналарын жүргізуді жүзеге асыру;
- облыс әкімі тағайындайтын лауазымдар тізбесіне кіретін кадрлардың сапалық құрамына және қозғалысына талдау жүргізу;
- кадрларды оқытуды ұйымдастыру;
- мемлекеттік тілдің және ұлтаралық қатынас тілінің қолданылу аясын кеңейту үшін жағдайлар жасау;
- қызметтік құжаттарды қарау;
- азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
- іс қағаздарын жүргізу, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әкімдікке келіп түсетін хат-хабарларды өңдеу;
- атқарушы органдармен бірлесе отырып, әкімдік мәжілістерінің қарауына мәселелер дайындау;
- облыстық жергілікті атқарушы органдарына халыққа қызмет көрсету орталықтарының ықпалдастырылған ақпарттық жүйесін енгізу іс шараларын ұйымдастыру және оқыту, мониторинг жүргізу;
- Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жергілікті атқарушы органдардың көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің статистикалық мәліметтерді жинақтау;
- мемлекеттік қызметтерді көрсетудің электрондық форматқа көшіру бойынша жұмыстар жүргізу;
- бекітілген әдістемеге сәйкес жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызмет көрсету қызметінің тиімділігін бағалау бойынша жұмыстарын жүргізу;
- облыс әкімі аппаратының, облыс әкімі басқармаларының және аудандар мен Тараз қаласы аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің қызметінің тиімділігін бағалау бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін ұйымдастыру және жүзеге асыру.
- заң актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Премьер-Министрі, әкімдік және әкім актілерін "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауының жобасын дайындау, келісу және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің

актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығына, Қазақстан Республикасының өзге заңдарына сәйкес орындауды ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ішкі аудитті жүзеге асыру;

2) "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің (кәсіпорындардың) функциялары:

3) аймақтағы мемлекеттік этносаясатты іске асыруға жәрдемдесу:

облыстағы этномәдени бірлестіктердің және басқа қоғамдық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру және үйлестіру, этностардың мәдениеті мен тілдерін өркендетуге және дамытуға практикалық көмек көрсету, оларды қоғамдық келісімді нығайту, халықтық дәстүрлер мен кәсіпшілікті насихаттау бойынша белсенді жұмысқа тарту;

облыс Қазақстан халқы ассамблеясының қызметін ғылыми-сараптамалық қолдауды іске асыру;

этносаралық және қоғамдық келісім, толеранттылық мәселелері бойынша халыққа ақпараттық-түсіндіру және консультативтік көмек көрсетуді іске асыру;

Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

1. Тиісті мемлекеттік орган белгілейтін мемлекеттік білім беру тапсырмасын, мемлекеттік бюджет есебінен, сондай-ақ келісім негізінде қаржыландыру арқылы жүзеге асырылатын, ведомствалық бағыныштылығына қарамастан облыстың кадрларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру жоспарын орындау;

ұйымдар мен мекемелер кадрларын, мемлекеттік қызметшілерді қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату саласындағы халықаралық бағдарламалар мен жобалардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге қатысу;

келісім негізінде кадрларды қайта дайындау, кәсіби білім мен дағдыларды тереңдету;

кадрларды дайындау, қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату сапасын арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу және ұйымдастыру;

консультациялық, білім беру, ақпараттық және басқа да қызметтер көрсету.

2. Жамбыл облысы Азаматтық қорғаныс бастығының басқару бекеті мен оның аппаратын қамтамасыз ету және ұдайы әзірлікте ұстау, азаматтық қорғаныс жұмылдыру резервінің арнайы мүлкін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте ұстауды қамтамасыз ету;

облыстық әскерге шақыру пунктін қолдау және қамтамасыз ету, жеке қорғану және арнайы көлік құралдарын, жұмылдырудың техникалық құралдарын, азаматтық қорғаныс және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету қорларын жасау, жинақтау және уақытылы жаңарту;

Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген басқа да қызметтер.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы әкімдігінің 31.07.2014 № 201; 27.01.2016 № 13 қаулыларымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдардан, басқа ұйымдар мен жеке тұлғалардан облыс әкімдігі мен облыс әкімінің, облыс әкімі аппаратының құзырына жататын мәселелер бойынша ақпарат және құжаттар сұрауға және алуға, келісім-шарт негізінде сараптама жасау және кеңес беру үшін мамандар мен тәуелсіз сарапшылар тартуға;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, облыс әкімдігі мен облыс әкімінің актілерінің орындалуына тексерулерді тұрақты негізде жүргізуге, анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

әр деңгейдегі әкімдіктердің мәжілістеріне, жергілікті атқарушы органдардың алқаларына, жиналыстарына қатысуға;

облыс әкімдігінің мәжілісіне, облыс әкімінің қарауына ұсынылатын мәселелерді дайындауға аудандар мен Тараз қаласы әкімдері аппараттарының, облыстың бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметкерлерін қатыстыруға;

нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысуға;

оқшауланған мүлікке жедел басқару құқығына ие болуға;

мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге және жүзеге асыруға;

құрылтайшы құжаттарда қаралған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға қаражаттар пайдалануға;

Жамбыл облысы әкімдігі және облыс әкімі аппараты атынан сотта талапкер және жауапкер болуға;

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес облыс әкімі аппаратының негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) міндеттері:

бұл жөнінде заңды және жеке тұлғалар ресми сұраныс жасаған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама аясында қажетті материалдар мен ақпаратты беруге;

"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттілігі:

облыс әкімі аппаратына жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

облыс әкімі аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуы және аппараттың өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауап береді;

өз құзыреті шегінде облыс әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

облыс әкімі аппаратының құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

облыс әкімі аппаратының "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, облыс әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, оларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларын және олардың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы облыс әкіміне ұсыныстар енгізеді;

облыс әкімдігіне облыс әкімі аппараты туралы Ережені бекітуді ұсынады;

облыс әкімі аппаратының тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, облыс әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

облыс әкімі аппаратындағы ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

облыс әкімдігінің және әкімінің қарауына енгізілетін мәселелердің, қаулылардың, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдері жобаларының облыс әкімдігі Регламентімен белгіленген тәртіппен өтуінің және бекітілуінің сақталуын қамтамасыз етеді;

облыстың жергілікті атқарушы және өкілді органдары қабылдаған шешімдердің орындалу барысын бақылайды;

облыс әкімі аппаратының шығыстар сметасын бекітеді және оның шегінде қаржыны жұмсауға басшылық жасайды;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

облыс әкімінің кадр саясатын іске асыруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

облыс әкімдігі қаулыларының, хаттамалық тапсырмаларының, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің расталған көшірмелерін жіберудің тізбесін бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 27.01.2016 № 13 қаулымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

22. Жамбыл облысы әкімінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.



#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

23. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

#### **"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің (кәсіпорындардың) тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 201; 27.01.2016 № 13 қаулыларымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2. "Жамбыл облысы әкімі аппаратының мамандандырылған базасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Жамбыл облысы әкімі аппаратының "Қоғамдық келесім" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК